

Алматы қаласындағы метрополитен құрылысын аяқтау және бірінші желісін іске қосу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 шілде N 950 қаулысы (6-тармағынан басқасының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.11. N 1614 қаулысымен)

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматыметроқұрылыс" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Заем алушы) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартатын мемлекеттік емес заемының қаражаты есебінен қаржыландырылатын Алматы қаласындағы метрополитен құрылысын аяқтау және бірінші желісін іске қосу жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Z000131_ Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер беру лимитінің шегінде тартылатын мемлекеттік емес заем бойынша міндеттемелерін Заем алушының орындауын қамтамасыз етуі ретінде несие берушілерге жалпы сомасы 43000000 (қырық үш миллион) АҚШ долларына Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін берсін ;

көрсетілген кепілдікті беруге байланысты туындайтын міндеттемелерді қамтамасыз ету туралы Заем алушымен тиісті келісім жасассын.

3. Заем алушы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етсін.

4. "Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1963 P001963_қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік инвестицияларының бағдарламасына 3-қосымшада "Көлік және байланыс" деген салалық секторда, реттік нөмірі 13-жол мынадай редакцияда жазылсын :

13 Алматы	"Алматы 2001- Анық. 50,00	Заемды	30,00	20,00	қаласын. метро
-	2 0 0 2	тал .			игеру
дағы метро. құрылыс"		ған			43,00 7,00
политеннің ААҚ			жоқ		Кепіл
бірінші					мөл .
желісінің					шері
қ ұ р ы л ы с ы н					
а я қ т а у ж ә н е					
п а й д а л а н у ғ а					
б е р у					

" Барлығы " деген жолда :

" Заемды игеру " деген жолда :

10-бағандағы "384,82" деген сан "364,82" деген санмен ауыстырылсын;

11-бағандағы "402,74" деген сан "422,74" деген санмен ауыстырылсын;

" Кепіл мөлшері " деген жолда :

9-бағандағы "218,00" деген сан "168,00" деген санмен ауыстырылсын;

10-бағандағы "256,06" деген сан "299,06" деген санмен ауыстырылсын;

11-бағандағы "245,00" деген сан "252,00" деген санмен ауыстырылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә. Жандосовқа жүктелсін.

6. **Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.11. N 1614 қаулысымен.**

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі